

## **ПЕДАГОГТАРДЫҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА ТАҒАЙЫНДАУ ҮШИН КОНКУРС!!!**

Атырау облысы білім беру басқармасының Атырау қалалық білім бөлімінің “Жалпы білім беретін С.Датов атындағы №26 орта мектебі” мемлекеттік мекемесі . Атырау қаласы, Ақжар селосы С.Датов 1г Байланыс телефоны: 87122 39 73 42 электрондық почтасы datova26@mail.ru.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандығы № 57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 қарашадағы № 568 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 432 бірлескен бұйрығына сәйкес тұрақты бос және уақытша бос лауазымдық орындарға оқытуудың озық технологияларын менгерген, бастаған ісінің нәтижесін көрсете алатын, мектеп жүйесін жан-жақты дамыту үшін пән мұғалімдеріне, жас мамандарға төмендегі бірлік бойынша конкурс жариялады.

### **1Химия пәні мұғалімі – 16 сағат (уақытша 4.04.2023)**

### **2Информатика пәні мұғалімі -16 сағат**

❖ Біліктілікке қойылатын талаптар:

Тиісті бейін бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімін растайтын құжат.

Құжаттарды қабылдау 2023 жылдың 4-12 желтоқсан аралығында жүргізіледі.

Еңбек ақы мөлшері білім деңгейіне, еңбек өтіліне, біліктілік санатына байланысты төленеді.

❖ Қажетті құжаттар тізімі:

1) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алғынған электронды құжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парагы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрөгымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).
- 7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 8) наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератордан төмен емес қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы күәлік (бар болса);
- 10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша шекті деңгейі кемінде 90% сертификаттау нәтижелері туралы сертификаты немесе педагог-модератордың немесе педагог-сарапшының, немесе педагог-зерттеушінің немесе педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы күәлік (бар болса) немесе Celta сертификаты (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) pass a; Delta (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе IELTS (IELTS) – 6,5 балл; немесе TOEFL (TOEFL) (интернетке негізделген тест (IWT)) - 60-65 балл; болу керек.
- 11) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына педагогикалық қызметке кірісken, тиісті мамандық немесе бейін бойынша өндірісте кемінде 2 жыл жұмыс өтілі бар педагогтер сертификаттаудан өтуден босатылады.
- 12) 16-косымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парагы.
- 13) тәжірибе жоқ кандидаттың бейнепрезентациясы кемінде 15 минут, ең төменгі ажыратымдылығы – 720 x 480.

Конкурсқа қатысушы бар болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

Осы Қағидалардың 118-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады.

❖ Конкурсқа Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бүйрөгымен бекітілген лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін, конкурсқа барлық қажетті құжаттарды тапсырған мүғалімдер қатысады. Үміткерлер конкурсқа қатысу шығыстарын өз қаржат есебінен жүргізеді.

☒ Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды конкурстық комиссияның қарауына Атырау қаласы, Ақжар селосы С.Датов 1г мекен-жайы бойынша № 26 С.Датов атындағы орта мектебінде қабылдау бөліміне немесе электрондық пошта арқылы қабылданады.